



Тарих ғылымдарының докторы, профессор Қ.Т. Жұмағұловтың
70 жылдығына және ғылыми-педагогикалық
қызметінің 50 жылдығына арналған
**«ИНТЕГРАЦИЯ ЖӘНЕ МОДЕРНИЗАЦИЯ
ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ДҮНИЕ ЖҮЗІ ТАРИХЫ ЖӘНЕ
ЕУРАЗИЯДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР»** атты
халықаралық ғылыми-теориялық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ
9 ақпан 2018 жыл



МАТЕРИАЛЫ
международной научно-теоретической конференции,
посвященной 70-летию юбилею и 50-летию научно-педагогической
деятельности доктора исторических наук, профессора К.Т. Жумагулова,
**«ВСЕМИРНАЯ ИСТОРИЯ И МЕЖДУНАРОДНЫЕ
ОТНОШЕНИЯ В ЕВРАЗИИ В СВЕТЕ СОВРЕМЕННОЙ
ИНТЕГРАЦИИ И МОДЕРНИЗАЦИИ»**
9 февраля 2018 года



MATERIALS
of International scientific-theoretical conference devoted to the 70th anniversary
and the 50th anniversary of the scientific and pedagogical activity of the
Doctor of Historical Sciences, Professor K.T. Zhumagulov
**«WORLD HISTORY AND INTERNATIONAL
RELATIONS IN EURASIA IN LIEU OF MODERN
INTEGRATION AND MODERNIZATION»**
February 9, 2018

КУНАПИНА К.К.	
Туған жер бағдарламасы – жалпыұлттың патриотизмнің өзегі.....	276
МИЙМАНБАЕВА Ф.Н.	
Из истории переселения Калмыков в Семиречье в к. XIX века	278
НУРПЕИСОВА Б.Е.	
Взаимообусловленность социально-этических норм нации и модернизации общества, в условиях глобальных проблем современности	282
БАУДИЯРОВА Қ.Б.	
Отбасы тұрақтылығына эмоционалды-психологиялық райдың әсері	284
ПРИМБЕТОВА Е.Ө.	
Ұлттық рухты қалыптастырудың үлгісін салған ел.....	287
КАЛЫШ А.Б.	
Қазақстанда ажырасқан отбасылардың этникалық құрылымы.....	291
ИСАЕВА А.И., БАУДИЯРОВА Қ.Б.	
Оңтүстік Қазақстандағы отбасы тұрақтылығына білім дәрежесінің әсері	294
БЕГИМБАЕВА Ж.С.	
Доклад правителя дел Оренбургского отдела Русского географического общества как важный источник по истории Казахстана (1868-1877 гг).....	297
ҒАНИБАЕВА Ж. А.	
XX ғ. бас. Қазақ ауылындағы әлеуметтік қайшылықтың иеленісуі.....	300
АЛПЫСБАЕВА Н.К.	
Эпистолярлық мұраны деректанулық тұрғыда зерттеудің ерекшеліктері	303
TASYLOVA N.	
"Materials on the Kyrgyz (Kazakh) land use..." As source on history of the Kazakh society	306
СУЛТАНИЯРОВА А.Ж.	
К проблеме неполных Семей в Казахстане	309
АДИЛОВА Ф.А.	
XIX ғ. аяғындағы мектеп және медреселерде білім берудегі отаршылдық саясаттың көрініс табуы	312
АЛБЖАНОВА Э.Е.	
Жазба дерек көздеріндегі рухани құндылықтардың тарихи негіздерінің электрондық коллекциясы.....	315
SHAUKENOV Zh. A.	
Problems of personality personification in the history of Kazakhstan.....	319
АСАНОВА Б.С	
Қазақстан Республикасының тәуелсіздік жылдарындағы кітапхана ісінің дамуы (1991-2017 жж).....	321
ДАЛАЕВА Т.Т.	
Историко-культурное наследие как основа формирования идентичности.....	327
АДИЛОВА Ф.А	
Орынбор өлкесіндегі патша үкіметінің мұсылмандыққа қарсы жүргізген саясаты (XIX ғасырдың II-ші жартысы).....	331
ТҮЛЕШОВА У.	
Особенности формирования казахского дворянства в XIX веке.....	334
ОМАРБАЕВ Ы.Қ., ИМАНБАЕВА М.М.	
Паспорттық жүйенің Қазақ КСР аумағындағы нығаю бағыттары (1936-1940 жж.).....	336
МУСТАФИН Ф. М.	
Ойраты в XV веке.....	339
КАЛЫБАЕВА А.Ж.	
Қазақстандағы XX ғасырдың 20-40 жылдарындағы аграрлық қатынастар тарихының соғыстан кейінгі кезеңдегі зерттелуі.....	346
ХАКІМ А.Е.	
XIII-XIV ғасырлардағы парсы дереккөздеріндегі солтүстік-шығыс қазақстанға қатысты жер-су аттары.....	349
БАЙДАРОВА А.	
Тәуелсіздік жылдардағы Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы.....	353
БАТЫРБЕКҚЫЗЫ Г.	
Рухани жаңғырудың ұстанымдарының бірі – нәзір төреқұлов тұлғасын жас ұрпаққа насихаттау	359
НУРТАЕВА Р.Е.	
Тарихты оқытудағы ұлттық тәрбиенің мәні	364
ТОРГАУТОВ Ш. А.	
Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының тұжырымдамасы: АҚШ-пен ынтымақтастық	370
БҮКІТ Ә.Қ., ҮСЕНОВА Г., ҚАЛДАРОВА Б., АЛДЕШОВ С.Е., ИБРАГИМОВ О.М.	
Нұршежіре.....	374
БҮКІТ Ә.Қ., ҮСЕНОВА Г., ҚАЛДАРОВА Б., АЛДЕШОВ С.Е., ИБРАГИМОВ О.М.	
Кенигсберг шайқасының қатардағы жауынгері.....	379
ӘУЕЛОВА Қ., БҮРКІТ Ә.Қ., АЛДЕШОВ С.Е.	
Педагогика және психология – егіз ғылым.....	380

national independence and territorial integrity of the Kazakh land. All of them, without exception, since the 40-s of the 18th century confirmed high personal status and greatness as a national statesman [3].

When valuating an individual in history, we should not forget about the need to respect the principle of historicism and specificity. In the current research literature the unity, in our view, is often underestimated. Historicism is recognized and understood in a simplified form. The principle of historicism is sometimes supposed to mean considering and studying the object from the past in terms of the requirements and values of the present day. The individual in history is often judged from the current moral principles and requirements, and sometimes abstract universal norms. But this approach cannot be accepted, because it is, in fact, a judgment of an act of a historical identity.

Extraordinary personalities in history due to their passion can actively influence on the change of their surrounding. Thus, in the history of Kazakhstan there are some personalities that have had a major influence on shaping the consciousness of time, generations of people who lived in this or that particular historical epoch. For instance, in the history of Kazakhstan Akhmet Baitursynov greatly influenced on the generation of 20-30 years of the 20th century, Mukhtar Auezov and Kanysh Satpayev – the generation of 40-50s, Olzhas Suleimenov, Ilyas Yessenberlin – the generation of 60-70s. They are flesh and blood products of their time. But at the same time, they are personalities, for being part of their time they managed to speak about the future of their nation, give civic ideas, affect the national consciousness of their people. Such is the essence of the role of these personalities in the history of Kazakhstan.

The role of personality in history is determined by his civil and personal position. It should be a measure of his height and the main criterion for evaluation with all the internal contradictions in a personality evaluation. This means that those who regard the goals and interests of nation and society as important rather than achieving their own selfish aims are always valued in history. Most modern Kazakhstan citizens tend to consider that special Kazakh intelligentsia, unjustly repressed in the 30s of 20th century as Alikhan Bukeikhanov, Akhmet Baitursynov, Myrzhakyp Dulatov, Magzhan Zhumabaev and others are the figures of such a level.

1991 is the year of the national-state self-determination of Kazakhstan – was made possible due to the historical figures, whose independence was the purpose of their lives. We can say that our independence was prepared by the best people of the Kazakh nation – A. Bukeikhanov, A. Baitursynov, M. Shokai, M. Zhumabayev, B. Momushuly, Abdizhamal Nurpeisov... Their fair citizenship contributed to achieve the goal of the whole nation.

References:

1. //Kazhastanskaya pravda, 2002. 21.09.
2. Kant I. Critique of Pure Reason. – M., 1994. P.321.
3. Valikhanov Ch. Collected Works. In 5 v. V.4. – Almaty, 1985.

АСАНОВА Б.С.,

*(т.ғ.к., Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану
кафедрасының аға оқытушысы, Алматы қ., Қазақстан)*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ КІТАПХАНА ІСІНІҢ ДАМУЫ (1991-2017 жж.)

Қазіргі күнде де кітапханалардың өрістеуі шарықтамаса, толастаған емес. Бұның айғағы ретінде де тәуелсіздігіміздің туы қолымызда желбірегеннен бері, Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың назарынан да тыс қалмады. Соның айғағы, халқымыздың рухани тыныс тіршілігіне тың серпін әкелген игілікті іс ретінде зор бағаға ие болып отырған Қазақстан Республикасының Президентінің 2004 жылғы 13 қаңтардағы Жарлығымен бекітілген 2004–2006 жылдарға арналған “Мәдени мұра” мемлекеттік бағдарламасы. Бағдарлама үш бағытты қамтиды. Оның екінші үлкен бағыты – ТМД елдері мен шетелдік мұрағаттарындағы Қазақстан тарихына қатысты құжаттарды, қолжазбаларды, сирек кездесетін кітаптарды алдыру, көшірмесін жасаттыру. Мәдени мұрадағы үшінші бағыт – ұлттық әдебиетіміз бен өнеріміздің бай мұрасын зерттеп, жүйелеп, көп томдықтар түрінде басып шығару еді. Осы бағдарлама аясында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2005 жылғы қабылдаған “Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында” атты жолдауындағы 3.8. бағытындағы “Рухани даму мен конфессиялар аралық келісім” атты тарауында: “Мәдени мұра” бағдарламасын іске асыруды жалғастыра беру, сөйтіп өткенді пайымдау арқылы қазіргі заман мәдениетін жан-жақты дамыту қажет. Біз осы саланы мемлекеттік қолдаудың толымды бағдарламасын қалыптастыруымыз керек, – деді [1, б. 22]. 2007 жылдың 13 ақпан айындағы Астана қаласында

“Мәдени мұра” мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі қоғамдық кеңестің қорытынды отырысында Президент: “Мәдени мұра” бағдарламасы біздің тарихи-мәдени мұрамызды қалпына келтірудің тек практикалық мақсаттарымен тіпті де шектелмейтінін атап көрсеткім келеді. Оның басты міндеті – қоғамдық салада оң қадамдарға қол жеткізу және осы тұрғыда оның жалпы мемлекеттік маңызды идеологиялық мәні бар, – деп атап көрсетті [2, б. 3].

Республикамыз тәуелсіздік алғаннан кейін, егемен мемлекет ретінде халықаралық аренаға шықты. Халықтың білім бұлағы болып саналатын кітапханалар жаңа талапқа сай жұмыс істей бастады. Мысалы, Қазақстанда XX ғасырдағы кітапхана қызметкерлері барлық жұмыстарын техникасыз атқарып, тек қолда бар ақпараттарды пайдаланса, XXI ғасырда кітапхана қызметкерлерінің заман ағымына орай ой-өрістері кеңейіп, тек өз жерінде ғана емес шет мемлекеттердегі ақпараттармен алмаса алатын, оқырмандарының сауалдарына жан-жақты, кең көлемде жауап бере алатын жағдайға жетті. Әсіресе, оқырмандардың электронды кітапханалардың мәліметтер базасын, әлемдегі ірі ақпарат орталықтарының каталогтарын, жеке электронды коллекцияларды оқып-білуіне де мүмкіндік туды. Сондай-ақ, жұртшылықтың, оқулықтардың, кітаптардың, энциклопедиялардың, CD-Rom-дағы интерактивті оқу курстарының электронды басылымдарын қарауына кітапхана мүмкіндік жасап, заман талабына сай жұмыс атқарып жатыр.

XX ғасырда жаңадан кітапхана қызметкерлері іріктеле бастаса, ал XXI ғасырда кітапхана қызметкерлерін даярлайтын оқу бағыттары дами бастады. XXI ғасыр, кітапханалар мен кітапханашылар үшін түлеу, жаңғыру ғасыры болады. Ол – өркеніет талабы.

Егеменді еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізген кезеңіндегі кітапхана ісіндегі жетістігі – кітапханаларды басқарудағы толғағы жеткен мәселелерді өзі шешуге еркіндік алды. Бұл жағдай мәдениет саласында жіберілген кемшіліктерді түзетуге мүмкіндік туғызды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында объективтік және субъективтік себептермен мәдениет ошақтарының құлдырап, ауыл-селоларда кітапхана, клубтардың жабылуына әкеп соқтырды.

1991-1999 жылдар аралығында Қазақстандағы кітапхана ісінің даму жағдайына талдау жасай отырып қысқаша анықтама беріп өтетін болсақ: 01.01.1991 жылға берілген Қазақстан Республикасының статистикалық агентінің есебі бойынша Қазақстан халқына барлық жүйелер мен ведомстваларға қарасты 20,0 мың кітапхана қызмет көрсетті. Соның ішінде 9052 Мәдениет министрлігі жалпыға бірдей мемлекеттік көпшілік кітапхана болды. Олардың 14,6 % (1318) қалалық, 85,3% (7722) ауылдық кітапханалар. Орта есеппен алғанда әрбір 1,8 тұрғынға бір көпшілік кітапхананың кітапханалық қызметі ұсынылды.

Еліміздегі егемендік алып, нарықтық экономикаға көшуге аяқ басқан алғашқы жылдары мемлекеттік бюджет тапшылығы салдарынан кітапханалар жүйесі көптеген қиыншылықтарды басынан кешіруге душар болды. 1992 жылдан бастап еліміздегі кітапханалар жүйесі қысқара бастады[3].

Кітапханалар санының көптеп қысқаруы 1996-1997 жылдарда орын алды. 1992 жылдармен салыстырғанда кітапханалар саны 4 есеге азайды, соның ішінде мемлекеттік көпшілік кітапханалар. Бұған бірінші кезектегі негізгі себептердің бірі – еліміздің экономикалық саясатында бюджеттік қаржы қоржынын мәдениет ошақтарын оңтайландыру арқылы нарықтық экономиканың жағдайын жақсартуға кірісті. Нәтижесінде, 1997 жылы қаңтар айының 1-ші жұлдызында «1997-1998 жылдарға арналған жекешелендіру және әкімшілік-территориялық құрылымдарға өзгерістер енгізу және мәдениет саласын оңтайландыру секторлық бағдарламасы» қабылданды. Осы құжатқа сәйкес, республиканың барлық аймақтарында мәдениет ошақтарында, соның ішінде кітапханалар жүйесінде көптеген өзгерістер орын алды. Атап айтқанда, кітапханаларды өзара біріктіру (облыстық балалар мен жасөспірімдер, әмбебап ғылыми, балалар, жасөспірімдер кітапханаларын біріктіру, ауылдық кітапханаларды мектеп кітапханаларымен біріктіру), тендер арқылы аукционға шығарып сату, жекешелендіру іске асырылды.

1997 жылы республикада Көкшетау, Семей, Жезқазған, Талдықорған, Торғай облыстарының таратылуына байланысты орын алған облыстық, аудандық әкімшілік, облыстық әмбебап ғылыми, облыстық жасөспірімдер, облыстық балалар, облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған, аудандық орталық, қалалық орталық кітапханалардың дәрежелеріне (статусына), жағдайына өзгерістер енгізілді. Мысалы, Жезқазған және Көкшетау облыстық әмбебап ғылыми кітапханалары қалалық, ал Семей, Талдықорған облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы облыстық жасөспірімдер, балалар, және зағип және нашар көретін азаматтарға арналған кітапханасымен біріктіріліп, Қостанай № 2 облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы болып өзгертілді.

1995-1996 жылдары 17 облыстық жасөспірімдер кітапханасынан 6, атап айтқанда, Ақтөбе, Алматы, Атырау, шығыс Қазақстан, Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан облыстарында, ал 19 облыстық балалар кітапханасынан 4 облыстық кітапхана, Ақтөбе, Атырау, Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан облыстарында қалды Ақмола, Алматы, Жамбыл, Батыс-Қазақстан, Қостанай, Солтүстік-Қазақстан облыстарында 6 облыстық біріккен балалар мен жасөспірімдер кітапханасы құрылды.

Кіта
ауылды
филиал,
филиал,
әсіресе
салысты
кітапха
облыс
Талдық
кітапха
Бірк
Соныме
аукцион
Мұқано
дайын
аукцион
көрсету
облысты
2-уі 200
сатылды
ауданы
саныны
саныны
отбасын
азайды.
Кіта
болды.
кітапха
Кіта
көпшілі
ведомос
кезеңін
(Қостан
кітапха
ауылды
ұрлану
Москва
Жаңақа
Орталы
Жақсы,
Соныме
қоры 10
Осы
байлань
бірнеше
ескіруі,
Осында
келтіріл
Қаза
болып
кітапха
ауылша
жүйесін
кітапха
қысқарт
жан-жан
асырылу
кітапха
және ғ

Кітапхана филиалдарының саны күрт азайды. Қысқартылған кітапханалардың басым бөлігін ауылдық кітапхана-филиалдар үлесіне тиесілі орын алды. 1995 жылы 305 ауылдық кітапхана-филиалдар 1996 жылы 1034, 1997 жылы 2384, 1998 жылы 425, 1999 жылы 162 ауылдық кітапхана-филиалдар жабылды ауылдық кітапхана-филиалдар жабылды. Кітапханалар жүйесін қысқарту процесі әсіресе Жамбыл, Алматы облыстарына тиесілі. Бұл облыстардағы кітапханалар саны 1995 жылмен салыстырғанда 1997 жылы 95% азайды. Қысқарту салдарынан Жамбыл облысындағы 372 ауылдық кітапхана-филиалдар түгелімен жабылып, облыста бар-жоғы 20 аудандық орталық кітапхана ғана облыс тұрғындарына кітапханалық қызмет көрсетсе, ал Алматы облысындағы (сол кездегі Талдықорған облысымен қосқанда) 1004 кітапханадан 56 кітапхана ғана қалды, соның ішінде 665 кітапханадан бар-жоғы 30 ауылдық кітапхана қалды.

Бірқатар ауылдық кітапханалар мектеп кітапханаларына біріктіріліп, кітап қорлары тартылды. Сонымен қатар, кітапханалар 3 жыл көлемінде негізгі кітапханалық қызметін сақтау шартымен аукцион арқылы тендерге қойылды. Осындай жағдай Солтүстік Қазақстан облысында орын алып, С. Мұқанов атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы «Жекеменшік кітапханалар туралы ереже» дайындап әрбір орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне таратты. Осы облыста 103 кітапхана аукцион арқылы сатылды. Аталған 103 кітапханадан бүгінгі таңда бар-жоғы 2 ғана кітапхана қызмет көрсетумен айналысуда. Мысалы, Оңтүстік Қазақстан облысында 47 кітапхана жекешелендірілді. Осы облыстың Отырар ауданында «Голландиялық әдіспен» 3 кітапхана әрқайсысы 1000 теңгеден, 3-уі 1500, 2-уі 2000, 2-уі 2500 теңгеден сатылды. Орта есеппен алғанда әр кітапхана 1500 теңгеден 10 кітапхана сатылды, яғни бұл 5 кітаптың орташа құнына тең. Мұндай жағдай сол кездегі Көкшетау облысы Щучье ауданындағы Бурабай поселкалық кітапханасы да 1000 теңгеге сатылды. Еліміздегі кітапханалар санының азаюы кітапхана мамандарының санының азаюына, жаппай жұмыссыздыққа ұшырағандар санының көбеюіне ықпал етті. Кітапхана мамандарының 100 пайызы әйел-аналар болғандықтан отбасының да берекесіне әсері болмай қойған жоқ. Әсіресе, ауылдық кітапханашылар саны күрт азайды.

Кітапханалар жүйесі облыстық, жергілікті жерлерді басқарушы шенеуніктердің шешіміне тәуелді болды. Республика кітапханалар жүйесін ретке келтіруші белгілі бір жүйе болмады. Сондықтан да, кітапханалар жүйесінің жағдайы да республика көлемінде әр түрлі жағдайда орын алды.

Кітапханалар санының азаюы кітап қорының да кемуіне әкеліп соқтырды. Осы жылдар ішінде көпшілік кітапханалар қоры 37 391,5 мың данаға кеміді. Қысқартылған кітапханалар қоры басқа ведомствалардың кітапханаларына, соның ішінде, мектеп кітапханаларына беріледі. Оңтайландыру кезеңінде кітапхана қоры сақталымының қамтамасыз етілмеуіне байланысты кітап қорының өртену (Қостанай облысы Жітіқара Орталықтандырылған кітапханалар жүйесіндегі Большевик ауылдық кітапханасында 16,3 мың, Солтүстік Қазақстан облысындағы Шортанды ОКЖ-ндегі Кенесары ауылдық кітапханасында, Совет Орталықтандырылған кітапханалар жүйесіндегі Лесхоз филиалында), Шортанды (Қостанай облысы Қарасу Орталықтандырылған кітапханалар жүйесінде 1,0 мың дана кітап, Москва ауылдық кітапханасынан 1998 жылғы мерзімді басылымдар, Батыс қазақстан облысы Жаңақала Орталықтандырылған кітапханалар жүйесінде 4,0 мың, осы облыстағы Зеленов, Шыңғырлау Орталықтандырылған кітапханалар жүйесінен 10,0 мың кітап. Мұндай жағдайлар Ақмола облысының Жаксы, Егіндікөл Орталықтандырылған кітапханалар жүйесінде де орын алды) фактілері орын алды. Сонымен қатар, Ақмола облысы Шортанды ауданындағы Боровое поселкалық кітапханасының кітап қоры 1000 теңгеге сатылды.

Осы жылдары кітап қорын сақтаудың санитарлық-гигиеналық режимдерінің бұзылуына байланысты бүлінген кітаптардың саны артып, қор есебінен шығарылды. Кітап қорының қатарынан бірнеше жылдар бойы жүйелі түрде толықтырылмауы, кітапханалар қорының ақпараттық мазмұнының ескіруі, оқырман сұранысын төмендетіп, кітапханаларда оқырмандар санының азаюына әкеліп отыр. Осындай келеңсіз жағдайлар нәтижесінде еліміздегі кітапханалық-библиографиялық қызметке нұқсан келтіріліп, кітапханалар саны 1997 жылы 1991 жылмен салыстырғанда 5968 кітапханаға азайды[4].

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен 2000 жыл елімізде Мәдениетті қолдау жылы болып жарияланды. Осы Жарлыққа сәйкес республиканың барлық облыстарында қысқартылған кітапханаларды қайта ашу, мектеп, әртүрлі құқықтық формалардағы ашық акционерлік қоғамдар, ауылшаруашылық субъектілерінің қарамағына берілген кітапханаларды мемлекеттік кітапханалар жүйесіне қайтару жұмыстары қолға алына бастады. Тек осы 2000-2005 жылдарға дейін елімізде 1500 кітапхана өз жұмыстарын қайта жаңғыртты. 2000 жылдан бастап бүгінгі таңға дейін кітапханаларды қысқарту шаралары орын алған жоқ, керісінше тұрғындарды кітапханалық қызметпен қамту шаралары жан-жақты қарастырылып, тиісті ресим ұйымдар тарапынан қажетті қолдау шаралары іске асырылуда[5]. Ал, 2006 жылдың 1-ші қаңтарына берілген есеп бойынша Қазақстан Республикасында кітапханалар саны 11 270-ті құрады. Осы аталған кітапханалардың 68% Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне, ал 32,2% Мәдениет және ақпарат министрлігіне қарасты көпшілік

кітапханалар құрайды. Еліміздегі жалпы кітапханалар жүйесінде орын алған өзгерістер негізінен осы екі ведомостваға қарасты кітапханалар жүйесіне тән. Оқырмандар саны – 6 338,3 мың адам, олардың 56,0% ауыл тұрғындары. Жалпы оқырмандардың 35% 15 жасқа дейінгі балалар құрады [6].

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіндегі жоғары оқу орындары, облыстық кәсіби білімін жетілдіру институттары, орта арнаулы оқу орындары, кәсіптік-техникалық мектептер мен лицей кітапханаларының саны артты. Ал, керісінше мектеп кітапханалары 84 кітапханаға немесе 1,2% азайды. Нәтижесінде, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі кітапханаларының қатары 31 кітапханаға өсті. Сонымен қатар, түрлі шаруашылықтар мен кәсіпорындар қарамағындағы 109 көпшілік кітапханалар бар. Олар, Ақмола (3), Ақтөбе (8), Алматы (50), Қостанай (20), Павлодар (2), Солтүстік қазақстан (26) облыстарында қызмет көрсетеді. 2006 жылы кітапханалардың Мәдениет және ақпарат министрлігіне қарасты көпшілік кітапханалардың жалпы саны 2005 жылмен салыстырғанда 145 кітапханаға өсіп 3725 құрады. Соның ішінде: 80 ауылдық; 1 аудандық балалар; 1-уі қалалық кітапхана-филиал; 1-уі жасөспірімдер кітапхана филиалы; 2-уі балалар кітапхана-филиалы ашылды. Кітапханалар санының өсуі Павлодар (24 кітапхана), Ақтөбе (10), Солтүстік Қазақстан (9), Ақмола және Шығыс Қазақстан (8), Оңтүстік Қазақстан (6), Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай (4), Маңғыстау (2), Атырау облыстарында және Астана қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінде (1). Ал, республика тұрғындарына кітапханалық қызметті Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы, Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы, С. Бегалин атындағы мемлекеттік республикалық балалар, Ж.Жабаев атындағы республикалық жасөспірімдер, Республикалық зағиптар және әлсіз көретін азаматтар кітапханасы, сонымен қатар, 40 облыстық; 291 аудандық; 2 782 ауылдық; 304 қалалық; 136 балалар; 7 жасөспірімдер; 7 зағип және нашар көретін азаматтар кітапханаларының филиалдары; 7 дербес ауылдық кітапхана көрсетеді.

Кітапхананың қоғамдағы рөлін көтеру мақсатында ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2003 жылдың 15 қарашасындағы коллегия шешімімен әр облыста жылына 2-3 «Модельді ауыл кітапханасын» ашу туралы тапсырма негізінде 2006 жылы Батыс Қазақстан облысы, Теректі ауданы, Подстепное ауылдық кітапханасы «Модельді ауылдық кітапханасы» статусына ие болса, 2007 жылы Ақжайық ауданы, Мерген ауылдық кітапханасы мен Жәнібек ауданы, Күйгінкөл ауылдық кітапханалары, 2009 жылы Сырым ауданы Алғабас ауылдық кітапханасы «Модельді ауылдық кітапхана» статусын алды.

Модельді кітапхана – ауыл тұрғындарына кітапханалық қызмет көрсетуді жоғары сатыға көтеретін ауылдағы жаңа кітапхананың стандарты. Оның басты міндеті: компьютерлік технологияларды енгізудің арқасында электронды ақпараттар қорын қалыптастыру, кітапханалық қорларды дамыту, материалдық-техникалық базаны нығайту және ауыл тұрғындарының ақпараттар көзіне қол жеткізуді қамтамасыз ету, жаңа кітапханалық-ақпараттық мәдениетті қалыптастыру, ауылдың әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуына ықпал ету. Республикада ауыл кітапханаларының қоғамдағы орнын, келбетін, кітапханалық қызмет деңгейін көтерудің тиімді шараларының бірі – әртүрлі бағдарламалар негізінде жұмыстар жүргізу. Мысалы, Павлодар облысында облыстық «Ауыл кітапханасы» бағдарламасының екінші кезеңі аясында ауылдық жерлерде 24 кітапхана ашылды. Сонымен қатар бюджеттен 8 194,0 мың теңге қаржы бөлінді [7]. Облыстық бағдарламаның ерекшелігі – аймақтық кітапханалық саясатты, жергілікті басқару орындарының, соның ішінде аудандық, ауылдық деңгейдегі әкімдердің кітапханаларға деген оң көзқарасын қалыптастыруға ықпал етті. Бағдарлама қабылданған екі жылда облыс бойынша 48 кітапхана ашылды. С. Торайғыров атындағы облыстық біріккен кітапхана осы бағдарламаның орындалу барысын үнемі назарда ұстап, орталықтанған кітапханалар жүйесіне кітапханалар жүйесін дамыту, тиімді орналастыру, ауыл кітапханалары жұмысын дұрыс және тиімді ұйымдастыру, кітап қорын толықтыру, жаңа технологияларды енгізу, кітапханашылардың кәсіби білімін жетілдіріп отыру мәселелеріне кеңестік көмек көрсетіп отырды. Ал, Қарағанды облысы кітапханаларының бүгінгі таңда қалыптасқан әдістемелік жұмысының өзіндік іс-тәжірибесін ерекше атап өтуге болады. Әдістемелік жұмыс жүргізудің маңызды стратегиялық бағыттары ретінде:

- Облыста кітапханалық саясатты қалыптастыру;
- Кітапханаларды және кітапханашыларды біріктіру;
- Қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды енгізу;
- Облыс кітапханашыларының ақпараттық мәдениетін көтеру
- Ауыл кітапханасы жергілікті жерлердегі жалпыға бірдей жылдам ақпарат алу орталығы

ретіндегі ұстанымды (позицияны) бекіту мәселелерін алға қойды.

Облыстағы қалалық, аудандық кітапханалардың тұрғындарға кітапханалық-библиографиялық және ақпараттық қызмет көрсету жұмыстарының нәтижесі – кітапхана тәжірибесіне енген жаңалықтар, жетістіктер, сол сияқты кітап қорын толықтыру, мамандармен қамту, жаңа технологияны енгізу

арқылы тұрғындарға кітапханалық қызмет көрсету сапасы қорытындыланып, орын алған мәжілісінің күн тәртібінде қаралды. 2004 жылы Шахты, Жаңаарқа, Шет аудандарының ОКЖ-сі кітапханаларының жұмыстарын қорытындылау жоспарлы түрде іске асырылып, облыстық кітапхана тарапынан әдістемелік кеңестер, тәжірибелік көмектер көрсетілді. Ал, Қарағанды облысында кітапханалар жүйесін ретке келтіру «2006-2008жж. Қарағанды облысы мәдениетін дамыту» аймақтық бағдарламасына енгізілді. 2006 жылы Осакаров ауданында кітапхана жүйесіндегі өзгерістерге байланысты ауданның мәдени өміріне талдау жасалды. «Библиотека Вашего села и ее роль в культурном сельском округе» тақырыбында сауалнама жүргізіліп, кітапхананың қоғамдағы орны мен манызын, жергілікті билік атқарушы ауыл әкімдерінің кітапханаға деген көзқарасын айқындауға ықпал етті [8]. Астана қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі «Столичная культура – 2002-2005 гг.» бағдарламасы аясында бірқатар шаралар іске асырылды. Мысалы, Пригорное поселкасында кітапхана ашу мәселесі шешілді. Сонымен қатар, қала тұрғындарының ең басым шоғыры орналасқан аудандарын түйістіруші орталықта көлемі 500,0 мың дана кітап қорына арналған қазіргі заман талаптарына сай жаңа үлгідегі кітапханалық кешен салу мәселесі қарастырылуда. Кітапханалар жүйесін тиімді түрде келтіру мақсатында тұрғындар аз қоныстанған елді мекендерді зерттеу жұмыстарын үнемі жүргізіліп келеді. Республика бойынша 300-ге дейінгі тұрғындар қоныстанған елді мекендер баршылық. Мысалы, тек Ақмола облысында мұндай елді мекендер саны – 157. Олардың басым көпшілігі, Шучье, Еңбекшілдер, Астрахань, Атбасар, Ерейментау, Қорғалжын аудандарында. Жыл бойы Жарқайың ауданының Гарарино, Маяк, Шалғай ауылдық кітапханалары Жаңадала, Достық, Кенес ауылдарына көшірілді. Модельді кітапханалар саны 100-ге жетті. Олар Қарағанды облысында 38 (соның ішінде 34 ауылдық), Солтүстік Қазақстанда 26, (соның ішінде 13-і ауылдық), Павлодарда 26 (соның ішінде 13-і ауылдық), Алматы облысында 2, Жамбыл облысында 1.

Стационарлық қызметтен тыс кітапханалық қызмет көрсету жұмыстары облыстар көлемінде әртүрлі деңгейде. Дегенмен де, тұрғындар аз қоныстанған елді мекендерді кітапханалық қызметпен қамту жұмысы біртіндеп жақсарып келеді. Республика бойынша 887 кітап беру пункттері, 117 жылжымалы кітапханалар қызмет етеді. Кітап беру пункттері: Оңтүстік Қазақстан облысында 181; Солтүстік Қазақстанда 19; Алматыда 48; Қызылорда 43; Маңғыстау 3, Атырау 8, Павлодарда 156, Қостанайда 73, Ақмолада 127, Ақтөбеде 40, Батыс Қазақстанда 208, Алматы қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінде 1, ал жылжымалы кітапханалар: Солтүстік Қазақстан облысында 55, (соның ішінде: 10 орталық аудандық, 5 орталық балалар, 17 ауылдық кітапханалар, 3 балалар кітапханасы жанынан ұйымдастырылған), Атырауда 53, Ақтөбеде 9. Қарағанды облысында кітап беру пункттері және жылжымалы кітапханалар саны 401-ге өсті. Бүгінгі таңда олардың жалпы саны 811. Еліміздегі кітапханалық қызмет жанұялық оқу кітапханасы: Қарағанды облысында 6, Батыс Қазақстан облысы, Зеленов орталықтандырылған кітапханалар жүйесінде 2, кітапхана-клуб: Қарағандыда 49, Алматы 1, жанұялық абонемент: Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы 1, сонымен қатар, аудандық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімімен бірге, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға кітапханалық қызмет көрсету Ақтөбе облысы, Қарғалы ауданында түрлерімен толықтырылуда.

Мемлекеттің қолдауынсыз мәдениет саласы өз бетінше өркендей алмайтынын, халықтың рухани жандүниесі мәдениет құлдыраса бірге құлдырайтынына, сөйтіп, ғасырлар бойғы жинаған рухани байлықтан аз ғана уақыттың ішінде жұрдай боп шыға келетінін мемлекет пен үкімет басшылары да түсінді. Соның нәтижесінде, Президент жарлығымен 2000 жылы “Мәдениетті қолдау” жылы болып жарияланды. Ауылдық жерлердегі кітапхана, клуб, мәдениет салаларының кайтадан іске қосылып жер-жерде әртүрлі байқаулар, фестивальдар өте бастады. Ал, 2004 жылғы Президент жарлығы бойынша қолға алынған “Мәдени мұра” бағдарламасының дүниеге келуі – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың халқымыз ғасырлар бойы жасалған асыл мұраға мәдениеттің бүгінгі хал-күйіне қамқорлығының көрінісі. Ол еліміздегі экономикалық және әлеуметтік реформалардың ойдағыдай жүріп, ішкі және жалпы өнімнің анағұрлым өсуі, соның нәтижесінде, халықтың әл-ауқатының артуына жағдай жасалды. Бағдарламаның жалғасы 2007 жылғы Қазақстан Республикасының Президентінің “Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан” атты жолдауындағы Жиырма алтыншы бағытындағы Қазақстан халықтарының рухани дамуы және үштұғырлы тіл саясатында: Біріншіден, “Мәдени мұра” бағдарламасының шеңберінде жүргізілген жұмысты жалғастыра отырып, “Қазақстан Халықтарының Рухани Даму Қорын” құру туралы мәселені жете зерделеу керек. Қор тұрақты мониторинг жүргізіп, мемлекеттік жекеменшік серіктестіктің көмегімен және тиісті қоғамдық ұйымдарды қатыстыру арқылы біздің халықтарымыздың мәдени құндылықтары мен дәстүрлерін дамытуды қолдап отыруға тиіс. Қорды басқару корпоративтік басқару қағидаттарының негізінде жүргізілуге тиіс деп бағыттады [9, б. 3].

Қорыта айтқанда, Қазақстанның әлемнің дамыған 30 елдің қатарына енуі мақсатында бес институционалдық реформаны – Ұлт жоспарын жүзеге асыру үшін әрбір қазақстандық азаматтың

білімге, ақпаратқа, мәдени құндылықтарға қол жеткізуін қамтамасыз ету, бірыңғай ақпараттық-мәдени орта құру және оның шығармашылық әлеуетін іске асыру үшін жағдай жасауымыз қажет.

Тәуелсіздік алғаннан бергі уақытта кітапханалар саны айтарлықтай өсті. 2001 жылы елімізде 3220 кітапхана болса, 2015 жылы 11423 кітапхана бар, оның ішінде ҚР Мәдениет және спорт министрлігіне қарасты 4122 кітапхана, Білім және ғылым министрлігіне қарасты 7186 кітапхана және 115 басқа ведомстволар мен жүйелердің кітапханалары бар. Аймақтардағы жергілікті атқарушы органдарға қарасты кітапханалар: 16 облыстық әмбебап ғылыми кітапхана, 274 қалалық кітапхана, 163 аудандық, 3313 ауылдық, 10 зағиптарға арналған кітапхана, 136 балалар, 10 жасөспірімдер кітапханалары және 3 кітапхана-клубы. Сондай-ақ, стационарлық кітапханалары жоқ халық саны аз шалғайдағы елді-мекендердің тұрғындарына 2335 кітапхана пункттері мен 617 жылжымалы кітапханалар қызмет көрсетеді. 2015 жылы 4122 көпшілік кітапханаларда тіркелген оқырмандар саны – 4 782 200 адамды, оқырмандардың келім саны 49453300 адамды, берілген құжат саны 88 958 200 дана басылымды құрады. 2016 жылы кітапхана саны 11253 жетті. Соның ішінде: ҚР Мәдениет және спорт министрлігіне қарасты көпшілік кітапханалар 4075, кітапхана мамандарының саны 9455. ҚР Білім және ғылым министрлігі кітапханалары 7073, Республикалық медициналық кітапханалар 58, «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясының кітапханалары 36, Ғылыми-техникалық кітапханалар 11. Сондай-ақ, Мәдениет министрлігіне қарасты 3 республикалық маңызы бар кітапхана, атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы, Қазақстан Республикасының Астанадағы Ұлттық академиялық кітапханасы және Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапхана. Республикадағы кітапхана ісінің қазіргі жай-күйі бірқатар мәселелердің болуымен сипатталады.

Бүгінгі таңда Қазақстандағы азаматтардың кітапхана қорына қол жеткізу мүмкіндігі тең дәрежеде қамтамасыз етілмеген. Елдегі көпшілік кітапханалардың жалпы санының 80,3 % ауылдық кітапханалар, олардың саны 3313. Аймақтардағы ауыл тұрғындарының ішкі миграциясы салдарынан ауылдық елді-мекендер жалғыз мәдениет мекемесі ретіндегі ақпараттық-кітапханалық қызметтерден айырылуда. Көптеген ауылдық жерлердегі кітапханалар байланыс пен Интернет жүйесіне қосылмаған: 2016 жылдың 1 қаңтарындағы мәліметтерге сүйенсек, елімізде көпшілік кітапханалардың 37,4 % Интернет жүйесіне қосылған, телефон байланысына 67,4% қосылған, көбейту-көшірме техникалар саны – 6117, мұның өзі тек қана қалалар мен аудан орталықтарында ғана болып отыр. Кітапханалардың материалдық-техникалық жабдықталуы сын көтермейді, замана көшіне ілесе алмай отыр. Көптеген кітапхана ғимараттары жөндеу жұмыстарына, газдандыруға, байланысқа мұқтаж. Кітапханалардың 2,3% ғана типтік жобамен салынған арнайы ғимараттарда, 97,7% бейімделген ғимараттарда орналасқан, 8 кітапхана (0,2%) апатты ғимараттарда орналасқан, 75 кітапхана күрделі жөндеу жұмыстарын қажет етеді[10]. Бір аймақ көлемінде кітапханалардың біркелкі орналаспауы және көлік қатынасының қиындығы мәселелері де бар. Шалғай елді-мекендерге қатынайтын арнайы техникалармен жабдықталған жылжымалы ақпараттық-библиографиялық қызмет көрсету кешені – библиобустар бүгінгі күні Алматы мен Маңғыстау облыстық әмбебап кітапханаларында ғана бар. Кітапханаларды құру және оларды орналастыру мәселелерін шешу үшін мемлекет тарапынан дайындалған жаңартылған кітапханалық саясат қажет.

Міне, қарап отырсақ, қазіргі өмір сүріп отырған ХХІ ғасырда біраз жетістіктерге жеткеніміз анық, айқын. Заман ағымына орай, қазір технологияның жоғары деңгейге жетіп шарықтаған кезеңі. Кітапхана саны өсіп қана қоймай ондағы жұмыстардың көбін компьютер атқарып, ақпараттың сан түрін “ИНТЕРНЕТ” жүйесі арқылы алып, кітапхана қорларын «электронды каталог» арқылы аз уақыт мөлшерінде оқырмандардың сауалдарына жан-жақты, кең көлемде жауап бере алатын жағдайға жеттік. Ал, кітапхана қызметкерлері болса, болып жатқан өзгерістерді дер кезінде қабылдап, игеруде. Ауыл, қала арасынан аса алмайтын кітапханашылар осы күні халықаралық конференциялар, семинарларға қатысып, тәжірибе жинақтауда. Республикамыздағы ең ірі – ҚР Ұлттық кітапханасы барлық шетел елшіліктерімен және шетел мемлекеттерінің кітапханаларымен қарым-қатынас орнатып, 22 мемлекеттің 47 ұйымымен кітапханааралық абонемент қызметін өрістетуде[11]. Қазақстан кітапханалары бұл күнде жаңа талапқа сай даму жолында. Тәуелсіздік алған жылдардан бастап кітапхана жұмысында жаңа технологиялардың енуіне орай мамандардың алдында зор міндеттер тұр.

Осы міндеттерді шешу барысында төмендегідей ұсыныстар жасаймыз:

1. “Мәдени мұра” бағдарламасын іс жүзінде асыру ісіне белсене қатысу.

2. Кәсіби білімді ғылыми жұмыстармен ұштастыра дамыту.

3. Жоғары және орта арнаулы кітапхана білімі жоқ мамандарға республикалық және облыстық даярлық курс жүйелерін дамытып және кітапхана саласына арналған оқулықтар, оқу құралдарын ұлттық тілде шығару.

4. Халықаралық кітапханааралық байланыстың дамуына, кітапхана қызметкерлерінің тәжірибе жинақтауына Қазақстанда халықаралық шараларды жиі өткізу.

5. Кітапхана саласына арналған мерзімді басылымдарының аясын кеңейту.

6.
қызмет
7.
селода
Соң
ұсынын

Әде
1. Наз
Наз
2. Н.Ә.
баян
3. «14.0
және
4. Кас
Қаза
/ Со
5. Қаза
Мәд
№43
6. Печа
палат
7. Нац
8. Кіта
ОҒӨ
9. Түй
10. Қаза
құрас
кесте
11. [Ис](http://</p></div><div data-bbox=)

Вост
насле
рамках
изучают
востоков
ближнег
вопросо
культуры
С це
развития
государс
потоке
обществ
позволи
собрать
Новь
истории
истории,
формиро
современ
формиро
дисципли

6. Кітапхана саласына арналған еңбектерге республикалық конкурстар өткізу – кітапхана қызметкерлерінің белсенділігін жоғары деңгейге көтеретіні хақ.
7. Кітапханашылардың компьютерлік білім деңгейін көтеруге ерекше мән беріп және ауыл-селодағы кітапханаларды ИНТЕРНЕТ жүйесімен қамтамасыз ету.
- Сонымен, Қазақстан кітапхана ісінің шарықтап өркендеуі және мамандарды даярлаудағы жетістіктері осы мәселені шешуде оң нәтиже беретіні сөзсіз.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында: ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. – Алматы, 2005. – Б. 22.
2. Н.Ә. Назарбаев “Мәдени мұра” мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі қоғамдық кеңестің отырысындағы баяндама сөзінен // Егемен Қазақстан. – 2007. – 14 ақпан. – Б. 3.
3. «14.01.97ж. 1997-98 жылдарға арналған жекешелендіру және әкімшілік-территориялық құрылымдарға өзгерістер енгізу және мәдениет саласын оңтайландыру секторлық бағдарламасы» // Егемен Қазақстан.-1997.-15 қаңтар.-Б. 1.
4. Касымжанова К.Т. Библиотеки Казахстана: цифры и факты //Стратегии развития казахстанских и немецких библиотек = Қазақстан және неміс кітапханаларының даму стратегиялары: Материалы международного семинара, Алматы, 25-26 авг. / Сост. К.Т.Касымжанова; Ред.: Ш.Е.Қызылбаева; Пер.: Н.Ниязбакиева, Ю.Головина; Нац.б-ка РК. – Алматы, 2005.- 83 с.
5. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің «Үздік ауыл кітапханасы», «Үздік ауыл клубы, Мәдениет үйі» және «Үздік кітапхана-клуб» номинациясы бойынша республикалық байқау өткізу туралы 21.02.2005 ж. №43 бұйрығы.
6. Печать Республики Казахстан за 2006 год: статистический сборник. – Алматы: Национальная государственная книжная палата, 2007. – 567 с.
7. Национальная библиотека: люди, факты, работа: Сб. статей и сообщений. – Алматы, 2000. – 275 с.
8. Кітапхана және уақыт / Құраст. Абуғалиева Р.М., Батырханов А.Т., Кенжебаева С.К. БҚО Ж. Молдағалиев атындағы ОҒӨК-ның 140 жылдығына арн. матер. жинағ. –Орал, 2011.- 268 б.
9. Түймебаев Ж.Қ. “Рухани-ғылыми мұра” // Республикалық ғылыми-теориялық конференция. – Алматы, 2008. – Б. 3.
10. Қазақстан кітапханалары – 2016 жыл. Мәліметтер. Сандар: Ақпараттық-сараптамалық жинақ / ҚР Ұлттық кітапханасы; құраст.: Л.Б. Әбдірахманова, Г.Г. Исакова, А.Н.Шуленбаева; жауапты ред.: Г.А. Маханбетова.– Алматы, 2017.–71 б.: кесте.
11. <http://www.rsl.ru/pub>.

ДАЛАЕВА Т.Т.,

Директор Республиканского центра по изучению исторических материалов при Институте востоковедения им. Р.Б. Сулейменова МОН РК, член.корр НАН РК, профессор, д.и.н.

ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ КАК ОСНОВА ФОРМИРОВАНИЯ ИДЕНТИЧНОСТИ

Востоковедные исследования способствуют созданию целостной системы изучения культурного наследия, в том числе современной национальной культуры, фольклора, традиций и обычаев. В их рамках происходит обобщение многовекового опыта национальной культуры и письменности, изучаются многие исторические, археологические, эпиграфические памятники, организуются востоковедные археографические экспедиции для проведения работ в архивах и библиотеках стран ближнего и дальнего зарубежья. Особое внимание было уделено объективному пересмотру многих вопросов, в частности, связанных с проблемами государственности, идентичности, сохранения культурной самобытности, исторического культурного наследия [1].

С целью сохранения историко-культурного наследия как важного фактора экономического роста, развития стабильности общества Президентом РК Н.А. Назарбаевым были инициированы государственные программы «Мәдени мұра» («Культурное наследие») (2004 -2009 гг.), «Народ в потоке истории» (2013-2015 гг.). В статье Н.А. Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» отмечены результаты этих крупных государственных программ, позволивших: а) восстановить историко-культурные памятники на территории Казахстана; б) системно собрать и изучить артефакты и документы из зарубежных архивов по истории и культуре Казахстана.

Новые материалы, выявленные в рамках программы «Культурное наследие» и «Народ в потоке истории» опубликованы в серии книг (34 томов), констатируют историческую роль казахов в мировой истории, имеющей свои особенности. Работа в данном направлении имеет большое значение для формирования культурной идентичности и современного развития в целом, поскольку истоки многих современных проблем берут начало в древности и средневековье. Другим важным следствием является формирование и актуализация национальной школы востоковедения и историографии – основных дисциплин, формирующих интеллектуальное наследие страны в целом.